



2021 жылғы « 5 » қаңтардағы № 1

Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген



«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының
Тасқала ауданы білім беру бөлімінің
«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

Жарғысы

Тасқала ауылы

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің типі: коммуналдық.

1.3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

1.4. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік мекемеге қатысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасы болып табылады.

1.5. Мемлекеттік мекеменің атауы

мемлекеттік тілде: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имени Ы. Алтынсарина» отдела образования Таскалинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области»

1.6. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: индекс 091000, Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, М.Мәметова көшесі, №2, телефон: 87113921266.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

2.1. Мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқығына ие болады.

2.2. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте есеп шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

2.3. Мемлекеттік мекеме басқа лауазымдық тұлғаға құрылтайшы бола және құра алмайды.

2.4. Мектептің дербес балансы, мемлекеттік банктерде есеп шоттары бар. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі қаражатына жауап береді. Мемлекеттік мекемеде қаражат жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

3 тарау. Мемлекеттік мекеменің мәні мен міндеттері

3.1. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің бағытына қарай оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу және қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру.

3.2. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

3.2.1. азаматтардың белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген тегін орта білім алу құқығын жүзеге асыру;

3.2.2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығын жүзеге асыру;

3.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруға жұмсалатын шығыстарды толығымен немесе ішінара өтеу;

3.2.4. денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын білім алушылар үшін үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру;

3.2.5. инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

3.3. Мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

3.3.1. ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

3.3.2. жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3.3.3. азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

3.3.4. белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

3.3.5. отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

3.3.6. педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

3.3.7. білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

3.3.8. қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

3.3.9. оқытудың жаңа технологияларын, қоғамның өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

3.3.10. жалпы оқытудың және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

4.1. Мемлекеттік мекеменің басқару өкілеттілігі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» Заңдарымен анықталатын уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде уәкілетті орган мемлекеттік мекеме Жарғысын бекітеді, басшысын тағайындайды және лауазымынан босатады.

4.3. Мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органдары педагогикалық әдеп, педагогикалық, оқу – әдістемелік және қамқоршылық кеңестері болып табылады. Алқалы басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамасы тәртібімен анықталады.

4.4. Мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды Қазақстан Республикасы заңнамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мектеп директоры жүзеге асырады және төмендегі көрсетілгендер үшін жауап береді:

4.4.1. оқушылары, қызметкерлерінің бас бостандығы мен құқықтары бұзылса;

4.4.2. оның құзырына жататын қызметтерді орындамаса;

4.4.3. жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын бұзса;

4.4.4. оқу – тәрбие үрдісі кезінде оқушылары мен қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне;

4.4.5. қаржы – шаруашылық қызметінің жай күйі, соның ішінде материалдық ақшалай қаражаттарды тиімсіз пайдаланса;

4.4.6. Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген талаптарды бұзса.

4.5. Мектеп директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіппен тағайындалады және лауазымынан босатылады және үш жылда бір рет аттестациядан өтеді.

4.6. Мектеп директоры сенімхатсыз мектеп атынан барлық органдарда оның мүддесі үшін қызмет атқарады, бекітілген заңнама тәртібінде мектеп мүліктеріне иелік етеді, келісімшарт жасап, сенімхаттар береді, банктік есепшоттар ашады және басқа да мәмілелер атқарады, барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады.

4.8. Өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін айқындайды және бекітеді.

4.9. Мектеп директоры сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағытта жұмысқа дербес жауап береді.

4.10. Мектеп директоры гендерлік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағытта жұмысқа дербес жауап береді.

4.11. Педагогикалық қызметкер – оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқыту мен тәрбиесіне байланысты білім беру қызметімен айналысатын тұлға. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Педагогикалық қызметкерлер мен лауазымдар тізбесі мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес анықталады. Мектептің педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіпке сәйкес жыл сай медициналық тексеруден өтеді.

4.12. Мектептің штаттық кестесі мен тарификациясы мектеп директорымен бекітіліп, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісіледі. Қызметкерлер жұмысқа жеке еңбек келісімшарты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» қаулысының негізінде қабылданады.

4.13. Еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, ұжымдық еңбек шарты және еңбек келісімшартымен реттеледі.

4.14. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбек акы жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен реттеледі.

5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

5.1. Мүліктерді иелену және (немесе) пайдалану Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы және басқа да заңдарында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.2. Мемлекеттік мекеме мүліктері бөлінбейді және қызметкерлер арасында таралмайды.

5.3. Мемлекеттік мекеме бен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган арасындағы өзара қарым – қатынас заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады.

5.4. Мемлекеттік мекеме мүліктері есеп үшін қалыптасады:

5.4.1. меншік иесімен берілген мүліктен;

5.4.2. өз бетіндік қызмет жасауының нәтижесінде (ақшалай кірістерді қоса алғанда) алынған мүліктен;

5.4.3. заңнамада тыйым салынбаған басқа да табыс көздерінен.

5.5. Мемлекеттік мекеме мүліктер кешені құрамына оның қызмет етуіне арналған барлық мүліктер түрі – ғимараттар, жабдықтар, мүліктер, жер учаскелеріне құқық, қарыздар, талап ету құқығы, сонымен қатар басқа да құқықтар кіреді.

5.6. Мүліктерді есепке алу және мониторинг жасау, мүліктерді пайдалануды бақылау және бағалау, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

5.7. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіп берген мүлікті және өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті - смета бойынша өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

6.1. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі тәртіп кестесі және ережесімен анықталады. Қызметкерлер үшін 40 сағаттық 6 күндік жұмыс аптасы және бір демалыс күні бекітілген. Демалыс күні жексенбі күні болып есептеледі. Мұғалімдер үшін жұмыс күндері оқу сабақтарының кестесіне сәйкес бекітіледі. Қызметкерлер үшін мереке күндері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады. Қызметкерлерге кезекті демалыс күндері демалыс кестесіне сәйкес ұзақтығы 24 – 56 күнтізбелік күндермен беріледі.

7-тарау. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

7.1. Оқыту және тәрбиелеу қызметі білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды жүзеге асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің типтік бағдарламаларына жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған шектерде оқыту нысандары, құралдары мен әдістерін таңдауда өзіндік құқылы.

Оқыту тілі – мемлекеттік және орыс тілі.

7.2. Оқу үдерісін іске асыру үшін мемлекеттік мекеме тиісті үлгілік оқу жоспарларының және (немесе) үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді.

7.3. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

7.4. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына бөлінеді:

7.4.1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін, әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық

жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгертуге және оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауға бағытталады;

7.4.2. бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі онталпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталады;

7.4.3. негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

7.4.4. жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

7.5. Дарынды балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық дамыту үшін оқу бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен жұмыстанады.

7.6. Білім алушылардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

7.7. Инклюзивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың білім алуы, дамуында ауытқушылықтарды түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделуі үшін ерекше жағдайлар жасайды. Мемлекеттік мекеме жалпы білім беретін сыныпта (екі баладан көп емес) ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, типтік оқу жоспары бойынша қысқартылған, немесе жеке оқу жоспары бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда оқуды арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы қамтамасыз етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін түзету сабақтарын арнайы мұғалімдер (мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед) жүргізеді.

7.8. Мемлекеттік мекемеге қабылдау (мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау) тәртібі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларында сай жүргізіледі.

Құжаттардың тізімі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау ережелерімен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік

стандарттарымен анықталады. Бірінші сыныпқа қабылдау үшін баланың ата-аналары немесе заңды өкілдері мұғалім таңдауға құқылы емес.

7.9. Мемлекеттік білім беру мекемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануын қамтамасыз етеді.

7.10. Ақылы негізінде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің) оның ата атанасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

7.11. Сыныптардың пәндерді оқып-білу кезіндегі тізімі мемлекеттік білім беру стандартымен айқындалады, оқушыларды сыныптарға және топтарға бөлу және тиісті білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын оқушылардың жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету үшін мектеп жанындағы интернат қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларының бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

7.12. Оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, академиялық апталар мен каникулдар санын қоса алғанда, білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес анықталады.

7.13. Мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс режимі мен сабақтар белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабақ басталуы - 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші ауысымда - 13:30 (14:00) сағат. Сабақ кестесінде күн сайынғы сабақтың саны, ұзақтығы мен реттілігі, сонымен қатар сабақ арасындағы үзілістердің ұзақтығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларымен» реттеледі. Сабақтар кестесі эпидемиологиялық жағдайға сәйкес уәкілетті органмен белгілеген шектеу шаралары негізінде өзгеруі мүмкін.

7.14. Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

7.14.1. оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс;

7.14.2. орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады;

7.14.3. орта білім беру ұйымдарында, оқу-тәрбие жұмысын есепке алу журнал жүргізу арқылы жүзеге асырылады;

7.15. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

7.15.1. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

7.15.2. Мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың жұмысына жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну принципін сақтауға міндетті. Кез-келген түрде діни білім алуға жол берілмейді. Мектеп формасының сақталуы Қазақстан Республикасы заңнамаларына негізделген.

7.16. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.

7.16.1. білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді;

7.16.2. білім алушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді мейірбике көрсетеді, ол әкімшілік пен педагогтар құраммен бірге білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, медициналық шаралардың өткізілуіне және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауап береді;

7.17. Білімді ағымдағы бақылау мен оқушылардың аралық аттестациялары, оларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

7.18. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

7.19. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерилеріне өзгерістер енгізеді.

7.20. Карантин жағдайында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда білім беруді қашықтан ұйымдастыру және тоқсанға бір бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсанның соңында тарау бойынша жиынтық бағалау өткізіледі.

7.21. Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді. Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқылы қойылады. «3» (қанағаттанарлық), «4» (жақсы), «5» (өте жақсы) бағаларын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

7.22. Үлгерімнің ағымдық мониторингін, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын бақылаудың стандартты ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен

тұлқаларға мемлекеттік білім беру ұйымы мөрімен куәландырылған тиісті білімі туралы құжат беріледі.

8-тарау. Білім беруге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері мемлекеттік мекемедегі процесс

8.1. Мекемеде білім беру процесінің субъектілері деп педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар немесе заңды өкілдер болып табылады.

8.2. Мектепте сабақ беруге кәсіби білімі немесе арнайы педагогикалық мамандығы бар педагог қызметкерлер жіберіледі.

8.3. Педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен анықталады.

8.4. Оқушылардың құқықтары:

8.4.1. типтік оқыту бағдарламасымен және типтік оқу жоспарына сәйкес сапалы білім алу;

8.4.2. қысқартылған оқу бағдарламасының, оқу жоспарының негізі бойынша типтік үлгісінде педагогикалық кеңестің шешімі бойынша білім алу;

8.4.3. оқу жоспарына сәйкес баламалы курсты таңдау;

8.4.4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және материалдармен жабдықталған ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалану;

8.4.5. оқу залы, акт залы, кітапхана, спорттық жабдықтарын ақысыз пайдаланылу;

8.4.6. мекемені басқаруға қатысу;

8.4.7. еркіндік, жеке пікірлерін ашық айту;

8.4.8. өз адамгершіліктеріне құрметпен қарау;

8.4.9. оқудағы жетістіктеріне, шығармашылық және ғылыми жұмыстары үшін марапатталу;

8.4.10. Бастапқы дәрігерге дейінгі медициналық-санитариялық көмек алу.

8.5. Оқушылардың міндеттері:

8.5.1. типтік оқу бағдарламасымен және типтік оқу жоспарының талаптарына сәйкес сапалы білім алу, практикалық дағдыларын жетілдіру, талаптары Жарғыда көрсетілген ішкі тәртіп Ережесін сақтау;

8.5.2. білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындау

8.5.3. өзін – өзі жетілдіру, денсаулыққа мән беру, рухани байлыққа ұмытылу;

8.5.4. мектеп дәстүрін және педагог қызметкерлерін сыйлау;

8.5.5. жалпы адами рухани құндылықты сыйлау;

8.5.6. мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарау;

8.5.7. оқу үрдісінде зайырлы сипаттағы киім үлгісін сақтау.

8.6. Оқушылар міндеттерін бұзғандығы үшін осы жарғының ішкі тәртіп Ережесінде қаралған шаралар қолданылады.

8.7. Оқушыларды қоғамдық, қоғамдық-саяси ұйымдарына, қозғалыстарға, партияларға кіруге мәжбүрлеу, және оларды осы ұйымдардың қызметіне тарту, үгіттеу жұмыстарына, саяси әрекеттеріне тартуға жол берілмейді.

8.8. Оқушылар төмендегі жағдайларда мектептің оқушылар құрамынан шығарылуы мүмкін:

8.8.1. ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші бойынша;

8.8.2. денсаулық жағдайына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама қорытындысы негізінде;

8.8.3. өзге білім беру ұйымына ауысқан жағдайда;

8.8.4. білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша;

8.8.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда.

8.9. Оқушының оқудан шығарылуы туралы педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді.

8.10. Ата-аналар мен заңды өкілдерінің заңды құқықтары:

8.10.1. ата-аналар комитеті арқылы мектеп басқару органымен жұмыстана алады;

8.10.2. өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу үлгерімі бойынша ақпарат алуға;

8.10.3. өз балаларының келісім шарт бойынша қосымша қызмет алуына;

8.10.4. психологиялық-медициналық – педагогикалық консультациялардан өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға құқығы бар.

8.11. Ата-аналары немесе заңды өкілдері міндетті:

8.11.1. мектеппен балалардың өмірі мен оқуына жасалған шартты орындауға;

8.11.2. мектеп жарғысының талаптарын орындауға;

8.11.3. балаларының сабаққа қатысуы және тәрбиесін қадағалауға;

8.11.4. балаларға өмір сүруі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік қылықтарын қамтамасыз етуге;

8.11.5. бес жастағы балалардың мектепке дейінгі білім алу үшін білім беру ұйымына, ал елті жастан бастап жалпы орта білім беру мектебіне беруге;

8.11.6. мектеппен ынтымақтастық жасауға, балалардың мектепке баруын қамтамасыз етуге;

8.11.7. балалардың оқу үлгерімін бақылауды жүзеге (болған жағдайда электрондық құралдармен) асыруға;

Қосымша. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

9.1. Құрылтай шешімі мен қосымшалар заң негізінде қарастырылған тәртіп бойынша енгізіледі.

9.2. Құрылтай шешімі мен қосымшалар өкілетті органмен бекітіледі.

Қосымша. Мектептің қайта құру және тарату шарттары

10.1. Мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен жүзеге асырылады.

10.2. Мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген басқа негіздер бойынша таратылады.

10.3. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Батыс Қазақстан облысының әкімдігі қайта бөледі.

10.4. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, оның ішінде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражат Батыс Қазақстан облысының бюджетіне есептеледі.

11 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

11.1. Мекеменің филиалдары және өкілдіктері жоқ.

М

Нөмірленген және тігілген

1 бастап 12 дейін бет

Беттер саны

12

